

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті

Факультет кеңесінің отырысында
қарастырылды
Хаттама № 12 " 25 " маусым 2024 ж.

Бекітемін
Экономика факультетінің деканы
Сабырова М.Е. 
25.06.2024 ж.
(күні, айы, жылы)



«8D04101 АӨК-дегі менеджмент»
БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ
ДАМУ ЖОСПАРЫ
2024-2029 жылдарға

Менеджмент және маркетинг кафедрасының
кеңейтілген отырысында қарастырылды
Хаттама № 11 «21» маусым 2024 жыл.

Мазмұны

№	Компоненттің аты	Беті
1	Білім беру бағдарламасының (БББ) даму жоспарының төлқұжаты	3
2	БББ аналитикалық негіздемесі	5
2.1	Білім беру бағдарламасы туралы ақпарат	5
2.2	Білім алушылар контингентін талдау	7
2.3	БББ ішкі ортасын талдау	7
2.4	БББ сыртқы ортасын талдау	7
2.5	Білім беру бағдарламасын іс-жүзіне асырушы ПОҚ талдау	8
2.6	БББ жетістіктерін талдау	8
3	БББ дамыту жоспарын шешуге бағытталған мәселелерді талдау және оларды шешу қажеттілігін негіздеу	9
4	БББ жүзеге асыру мерзімдері мен кезеңдерін көрсете отырып, оны дамыту жоспарының негізгі мақсаттары мен міндеттері	10
5	БББ үшін тәуекелдер әсерін төмендету бойынша шаралар	11
6	БББ дамыту бойынша шаралар жоспары	12
7	БББ дамыту жоспарын іс-жүзіне асыру механизмдері	15

1. "АПК-дағы менеджмент" докторантура білім беру бағдарламасының (БББ) даму жоспарының төлқұжаты

Университеттің стратегиялық серіктесгі ретіндегі, тұрақты ұстанымы ғылыми-шығармашылық зерттеулердегі корпоративтік серіктестеріміздің сенімді желісін қалыптастыруға мүмкіндік берді: бұл қаржы-несие жүйесі институттары, мемлекеттік басқару департаменттері мен ведомстволары, әртүрлі меншік нысанындағы кәсіпорындар, жоғары оқу орындары және т.б.

1	БББ дамыту жоспарын әзірлеу негіздемесі	С.Сейфуллин атындағы ҚАТЗУ дамытудың стратегиялық жоспары
2	БББ дамыту жоспарын негізгі әзірлеушілер	<i>Қарабасов Расул Асылбекович</i> <i>Женсхан Дарима, э.ғ.к.,</i> қауымдастырылған профессор <i>Беспаева Роза Сансызбаевна, PhD докторы,</i> қауымдастырылған профессор <i>Орынбекова Гульнар Ахмедовна, э.ғ.к.,</i> қауымдастырылған профессор м.а. <i>Айнаканова Бакытгуль Асимхановна, PhD докторы,</i> қауымдастырылған профессор <i>Смагулов А.С. – DBA, «AKMOL HOLDING» компаниялар тобы» АҚ</i> басқарма төрағасы <i>Ральф Шлаудерер</i> Вайхенстефан-Тридорф Қолданбалы ғылымдар университетінің халықаралық мектебінің жетекшісі, доктор, профессор
3	БББ дамыту жоспарын іс-жүзіне асыру мерзімі	2024-2029 жж
4	Қаржыландыру көлемі және көздері	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландыру, қаржыландырудың сыртқы көздерін тарту. "АӨК-дегі Менеджмент" БББ қаржыландыру көлемі ақылы негізде (докторанттардың жеке қаражаты есебінен) білім алушылар контингентін қалыптастыруды ескере отырып, бөлімнің жүзеге асырылып жатқан және қаржыландырылатын жобаларының (МТБ қамтамасыз ету бөлігінде) көздері негізінде айқындалады.

5	БББ дамыту жоспарын іс-жүзіне асырудың күтілетін соңғы нәтижелері	– ғылыми зерттеулердің тиімділігін арттыру; ғылым мен өндіріс арасындағы байланысты нығайту; – агроөнеркәсіптік сектордың соңғы тенденциялары мен талаптарын көрсететін жаңартылған және неғұрлым өзекті оқу бағдарламалары; – әлемдік стандарттар талаптарына сәйкес университеттің ғылыми және білім беру қызметін басқару жүйесін жаңғырту; – оқытудың тиімділігін арттыру үшін цифрлық платформаларды, онлайн курстарды және басқа да білім беру технологияларын енгізу; – университеттің тұрақты дамуы және оның халықаралық деңгейде ғылыми-білім беру кеңістігіндегі бәсекеге қабілеттілігін арттыру.
---	---	--

2. БББ аналитикалық негіздемесі

2.1. Білім беру бағдарламасы туралы ақпарат

1.1 Білім беру бағдарламасының мақсаты: жеке және командада жұмыс істей алатын, ауылшаруашылық кәсіпорындарында бизнес-үдiрiстердi тиiмдi басқара алатын, өндiрiстiк-педагогикалық салаларда қызметтi жүзеге асыра алатын, инновациялық өнiмдi жасау үшiн ғылыми әзiрлемелерге қатыса алатын PhD докторларын дайындау, идеяларды коммерцияландыру және тарату бастамалары.

1.2 Білім беру нәтижелері

Бұл бағдарламаның түлектері мыналарды игере (көрсете) алады алады:

ON 1. Нақты бақылаулар жасау, нәтижелерді интерпретациялау және синтездеу, қоланыстағы теорияларды сынақтан өткізу және оларды ашық талқылау, өзгерту немесе жақсартуды жүргізе білу.

ON 2. Кооперативті кәсіпкерлік кәсіпорындарды ұйымдастыру және дамыту үшін мүмкіндіктер жасау. Адам ресурстарын тиімді басқару, кәсіби және ғылыми басқару мәселелерін шешу үшін ғылыми зерттеулер мен академиялық жазудың заманауи әдістерін қолдану.

ON 3. Ауыл шаруашылығы ресурстарын тиімді пайдаланудың заманауи тәсілдерін қолдану, агроөнеркәсіптік кешенді тұрақты дамытудың тиімді бағыттарын әзірлеу, агроөнеркәсіптік кешен секторларында тиімді жеткізу тізбегі жүйелерін енгізу.

ОҚ 4. Біріктірілген түзілістердің қызметін бағалау, тиімділікті арттыру мақсатында біріктірілген түзілімдер жүйесіндегі өзара әрекеттесу механизмдерін әзірлеу.

ON 5. Өнеркәсіптік кәсіпорындардың тиімді қызметін талдау, олардың стратегиялық бәсекеге қабілеттілігін арттыру, стратегиялық және кәсіпорынiшiлiк жоспарлау құралдарын енгізуді тиімді басқару.

ON 6. Ағымдағы әлеуметтік-экономикалық құбылыстар мен үдерістердің жай-күйі мен даму болашағын бағалау кезінде статистикалық талдау әдістерін білу.

Білім беру бағдарламасының тапсырмалары:

- агроөнеркәсіптік кешендегі экономика және ұйымдастыру саласында кәсіби құзыреттіліктері бар жоғары білікті мамандарды даярлау;
- зерттеу мен оқытудың заманауи әдістерін, қажетті цифрлық технологияларды тәжірибелік қызметте қолдануға қабілетті ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлау;
- стратегиялық және басқару шешімдерін қабылдау үшін бизнес-үдерістерді талдауға және модельдеуге қабілетті мамандарды дайындау;
- инновациялық бастамалар және инвестициялық жобаларды әзірлеу және жүзеге асыру үшін қажетті білімі бар кадрларды дайындау;

- АӨК мәселелерін шешуге, мемлекеттің экономикалық саясатын жетілдіруге бағытталған зерттеулерді өз бетінше ұйымдастыра алатын, ұсыныстар мен ұсыныстар әзірлей алатын мамандарды даярлау.

Өзектілік. PhD бағдарламасының түлектері – еліміздің ғылыми және іскер элитасының өкілдері, олардың қызметтері кәсіпорындардың, экономика секторларының және жалпы қоғамның дамуының катализаторы болып табылатын кәсіби мамандар. Заманауи экономиканың дамуы мықты білімге негізделген, бұл PhD докторларын еңбек нарығында өте сұранысқа қажеттілігін көрсетеді.

Бағдарламаның ерекшеліктері. PhD докторларын дайындауға арналған білім беру бағдарламасының ерекшелігі – оның оқу-әдістемелік және ғылыми-зерттеу іс-әрекетінің кеңейтілген интеграциясына негізделген, агроөнеркәсіп кешенін басқару саласындағы жоғары деңгейдегі білім, біліктілік және дағдыларға ие ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлауға бағытталған.

Бәсекелестіктегі басымдылығы. Білім беру бағдарламасының негізгі бәсекелестік артықшылықтары профессорлық ғылыми семинарлар, меншікті курстар, қонақ дәрістері, атақты ғалымдар мен тәжірибелілердің шеберлік сабақтары болып табылады. Ғылыми-қолданбалы зерттеулер Қазақстан Республикасының жетекші ғалымдарының ғылыми мектептері шеңберінде жүзеге асырылады. БББ ғылыми-зерттеу қызметін тиімді жүзеге асыруға мамандандырылған оқу және ғылыми зертханалар мен кабинеттердің жұмыс істеуі ықпал етеді.

Өзіндік ерекшеліктері. «Агроөнеркәсіптік кешендегі менеджмент» БББ өзіндік ерекшеліктері: БББ меңгеру және оларды қолдану нәтижесінде алынған кәсіби дағдыларды дамыту, докторанттарға бизнес-үдерістерді тиімді басқаруға, ғылыми-өндірістік қызметте оқытуға, оқытуға қажетті құзыреттерді береді.

«8D04101 Агроөнеркәсіптік кешендегі менеджмент» білім беру бағдарламасы «Менеджмент және маркетинг» кафедрасының отырысында қаралды, №10 хаттама « 18 » мамыр 2023 ж.

«8D04101 Агроөнеркәсіптік кешендегі менеджмент» білім беру бағдарламасы факультет кеңесінің отырысында бекітілді: №59 хаттама "24" сәуір 2023 ж.

2.2 Білім алушылар контингентін талдау

Докторанттың іргелі ғылыми дайындығының болуы, ғылыми ақпараттарды алуы, өңдеу және сақтау әдістерін қоса алғанда, заманауи ақпараттық технологияларды меңгеруі, таңдаған ғылыми мамандығы бойынша ғылыми-зерттеу қызметін ұйымдастыру және жүргізу, ЖОО-да сабақ беру, ғылыми-зерттеу және басқару қызметін табысты топтастыру; бірлескен ғылыми-зерттеу іс-әрекетіне қатыса білу, шығармашылық ойлау стилінің болуы.

Қазіргі уақытта «8D04101 Агроөнеркәсіп кешеніндегі менеджмент» білім беру бағдарламасы бойынша 1 докторант білім алуда.

2.3 БББ-нің ішкі ортасын талдау

«Агроөнеркәсіптік кешендегі менеджмент» БББ енгізу тиімділігін қамтамасыз ету үшін, кафедра өз қарамағындағы материалдық-техникалық базаны қолданады: барлығы 7 аудитория, оның ішінде 1 дәріс, 4 тәжірибе сабақтары аудиториясы, 2 компьютерлік сынып.

Қазіргі уақытта оқу үдерісінде 28 дербес компьютер (жабдық), 2 интерактивті тақта және 4 проекциялық экран қолданылады.

Жалпы алғанда, докторанттарды мамандық бойынша даярлау үдерісінде қолданылатын оқу аймағы, санитарлық және өрт қауіпсіздігі нормаларына, «Жоғары оқу орындарының оқу-материалдық құндылықтары» нормативтік көрсеткіштеріне толығымен сәйкес келеді.

Құрылымы мен мазмұны бойынша білім беру бағдарламасына арналған ПОӘК тәжірибелік бағыттылықты, пәнаралық көзқарасты ескере отырып және оқытудың мақсаты мен нәтижелерін есепке ала отырып құрастырылады, кредиттік оқыту технологиясы шеңберінде ОӘК дайындауға қойылатын жалпы талаптарға сәйкес келеді.

Оқу-әдістемелік кешендердің даму деңгейі, жұмыс берушілердің талаптарын ескере отырып, докторанттарды даярлауға қойылатын жалпы талаптарды, оқу үдерісін басқару мен қамтамасыз етуді ұйымдастыру технологияларын, білім алушыларды қорытынды аттестаттау мазмұны мен ұйымдастыруды реттейді.

2.4. БББ-ның сыртқы ортасын талдау

«Агроөнеркәсіптік кешендегі менеджмент» БББ жүзеге асыруға тағылымдамадан өтуді ұйымдастыруды қамтамасыз ететін және докторанттарды даярлаудың біліктілік талаптарына жалпы жауап беретін серіктес-жұмыс берушілер тартылады. Жыл сайын кафедрада коммерциялық құрылымдардың, банктердің, өндірістік кәсіпорындардың басшылары мен өкілдері қатысатын дөңгелек үстелдер өткізіледі. Кафедрада түлектердің жұмыс берушілерімен, тәжірибелік қызметкерлермен кездесулер, «Родина» агрофирмасы, «Ақтық» ЖШС, «Новокубанское» ЖШС, «Ақмол Холдинг

компаниялар тобы» ЖШС өкілдерімен семинарлар ұйымдастырылып, кафедраның бірлескен отырыстары өткізіледі. Жұмыс берушілер болашақ еңбек қызметі үшін маңызды құзіреттіліктерді қалыптастыруды көздейтін БББ құрылымына жаңа элективті курстарды енгізу мақсатында докторанттарды дайындаудың оқу траекторияларын мерзімді түрде қарастырады.

Бірлескен ғылыми жобаларды жүзеге асыру, академиялық ұтқырлықты арттыру және ғылыми тағылымдамаларды ұйымдастыру бойынша негізгі серіктес университеттер: Пловдив ауылшаруашылық университеті (Болгария), Корея университеті (Корея), Александр Стулгинская университеті (Литва), Беларусь мемлекеттік аграрлық-техникалық университеті.

2.5. Білім беру бағдарламасын іс-жүзіне асыратын ПОҚ талдау

«8D04101 Агроөнеркәсіптік кешендегі менеджмент» БББ бойынша оқу үдерісіне 5 оқытушы тартылған. Оның 1-і ғылым докторы, 4 - ғылым кандидаты. Ғылыми дәрежелік деңгейі 100%

Барлық оқытушылық ұжым базалық білімге ие. Оқытушылар ұжымның жас құрылымы рационалды құрылған және кадрлардың орын ауысуын қамтамасыз етеді, тиімді тәжірибе алмасуға және кадрларды үнемі жаңартып отыруға мүмкіндік береді.

Білім беру бағдарламасын жүзеге асыруда негізгі жұмыстарды, 28 оқытушы контингентінен құрылған "Менеджмент және маркетинг" кафедрасының профессорлық-оқытушылар құрамы атқарады, оның ішінде э.ғ.д – 2, PhD – 3, э.ғ.к. – 13, э.ғ.м. – 10. Кафедраның ғылыми дәрежесі – 64%.

Кафедрада «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» байқауының жеңімпаздары – 3 адам, «Болашақ» халықаралық стипендиясының иегері – 1 оқытушы, бұл БББ бойынша арнайы курстарда сертификатталған оқытушылар қызмет атқарады, оқытушылар жыл сайын «Атамекен» ғылыми-өндірістік кәсіпорны базасында, оқу орталықтары мен университеттерде, қорларда, кәсіпорындарда, сондай-ақ Академиялық ұтқырлық бағдарламасы және Эразмус+ бағдарламасы аясында «500 ғалым» ғылыми тағылымдамасы аясында, республикалық және халықаралық оқу орындарында біліктілігін арттыру курстарынан өтеді.

Білім беру бағдарламаларын әзірлеуге, оныенгізуге және бағдарламалар мониторингіне жұмыс берушілер, қауымдастықтардың өкілдері, шетелдік ғалымдар қатысады. Жеке оқытушылар – бизнесті басқару және кәсіпкерлік саласында тәжірибелік тәжірибесі бар практиктер тартылды.

Білім беру бағдарламасын іске асыратын оқытушылар халықаралық ынтымақтастыққа белсенді қатысады, жақын және алыс шетелдердің білім беру ұйымдарымен тығыз байланыстар орнатылған: TRIESDORF University of applied Sciences, Florida Atlantic University, AGH University of Science and

Technology, Krakow, Polland, Қырғыз республикасының Халықаралық университеті, Coursera, European Academy of Science and Research.

Кафедрада ғылыми-педагогикалық кадрларды қалыптастыру, білім беру бағдарламасы бойынша магистрлер мен PhD докторларын даярлау арқылы жүзеге асырылады.

2.6 БББ білім алушыларының жетістіктерін талдау

«8D04101 Агроөнеркәсіптік кешендегі менеджмент» БББ жұмыс берушілермен бірлесіп, «АКМОЛ HOLDING» компаниялар тобы» АҚ директоры орынбасарының тікелей қатысуымен әзірленді.

Болон процесі және академиялық ұтқырлық орталығының сырттай емтиханының нәтижелері бойынша білім беру бағдарламасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізілді. «Агроөнеркәсіптік кешендегі менеджмент» БББ НААР – 2023 Білім сапасын қамтамасыз ету агенттігінде аккредитациядан өткен.

3 БББ дамыту жоспарын іс-жүзіне асыруға бағытталған мәселелерді талдау және оларды шешу қажеттілігін негіздеу

3. Ішкі және сыртқы ортаның SWOT талдауы

Кафедра оқытушыларының гранттық және жобалық байқауларға, түрлі деңгейдегі инновациялық бағдарламаларға қатысуының төмен деңгейлігі; кафедра оқытушыларының шетелдік ғылыми бағдарламаларға белсенді қатысуының болмауы, ғылыми-зерттеу жұмыстарын шетелдік бірлескен орындаушылар санының төмендеуі; Web of Science, Scopus немесе RISC библиографиялық деректер қорына енгізілген басылымдарға кафедра оқытушыларының жеткіліксіз қатысуы, тағылымдамадан өту санының жеткіліксіздігі.

Басым жақтары: - Германиямен бірлескен білім беру бағдарламасының болуы; - қос дипломдық білім беру бағдарламасы; - білім берудің көп деңгейлі оқытуға сәйкестігі; - педагогикалық кадрлардың біліктілігінің жоғары деңгейі; - оргтехниканың салыстырмалы түрде жоғары деңгейі; - оргтехниканың салыстырмалы түрде жоғары деңгейі; оқу бағдарламаларын түзету бойынша мүдделі тараптармен жүйелі жұмыс жүргізілуі	Әлсіз жақтары: - рейтингі жоғары журналдардағы жарияланымдар көлемінің төмендігі (Web of Science, Scopus); - оқытушыларды ғылыми-зерттеу және гранттық жұмыстарға тарту деңгейінің жеткіліксіздігі; - шет тілдерін меңгерген оқытушылар үлесінің төмендігі - кафедра оқытушыларының шетелдік ғылыми бағдарламаларға қатысуының жеткіліксіздігі, ғылыми-зерттеу жұмыстарын шетелдік бірлескен орындаушылардың аздығы.
--	---

Мүмкіндіктер: - экономиканың жекелеген басым секторлары үшін (Агробизнес) мамандарды даярлау мүмкіндігі; - ғылыми және білім беру қызметінде ақпараттық технологияларды пайдалану үшін жағдайлардың болуы;	Қауіптер: - білім беру саласындағы бәсекелестіктің, ұқсас мамандарды дайындайтын университеттердің болуы; - университеттердің және олардың құрылымдарының жұмыс істеуі үшін заңнамалық және нормативтік ережелердің жылдам өзгеру қарқыны.
--	--

4. Орындау мерзімдері мен кезеңдерін көрсете отырып, БББ дамыту жоспарының негізгі мақсаттары мен міндеттері

БББ дамыту жоспарының негізгі мақсаты: БББ дамыту әдістемесін жетілдіру және оның білім беру қызметтері нарығында бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету контекстінде «Агроөнеркәсіптік кешендегі менеджмент» БББ жүзеге асырудың тұрақтылығын қамтамасыз ету болып табылады.

Тапсырмалар:

1. БББ мазмұнының еңбек нарығы мен жұмыс берушілердің талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету;
2. Осы БББ-де кафедра түлектерінің бәсекелестік артықшылықтарын анықтау мақсатында еңбек нарығын және түлек үлгісін талдау негізінде кәсіби құзыреттіліктерді қалыптастыру.
3. Студенттің оқуының барлық кезеңдерінде эксперимент құрамындағы өз бетінше зерттеушілік әрекетінің алғы шарттарын жасау.
4. Толық, сапалы кәсіптік білім алу үшін жағдайды жақсарту және жақсарту.

5. БББ үшін тәуекелдердің әсерін азайту шаралары

№	Тәуекелдің аты	Тәуекелдің алдын алу шаралары
1.	Өтініш берушілер (талапкерлер) саны жеткіліксіздігі	Оқу жылы бойына тұрақты негізде жоғары сапалы кәсіптік бағдар беру жұмысын жүзеге асыру
2.	Білім беру қызметі сапасын қамтамасыз етудің жеткіліксіздігі	Халықаралық және ұлттық бағдарламалар бойынша университеттің профессорлық-оқытушылық құрамының біліктілігін арттыруды және қайта даярлауды ұйымдастыру. Web of Science, Scopus немесе РИНЦ библиографиялық деректер қорларына енгізілген ғылыми жарияланымдарды шығаруға оқытушылардың қатысуын күшейту.
3.	Білім беру қызметін қаржыландырудың жеткіліксіздігі	Докторанттар мен 5 оқытушының Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Мемлекеттік қоры және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі қаржыландыратын ғылыми жобаларға, шаруашылық келісімшарттық

		ғылыми-зерттеу жұмыстарына белсенді қатысуы.
4.	Білікті педагогикалық кадрлардың жетіспеушілігі	Білім беру қызметіне өндірістен білікті мамандар мен шетелдік ғалымдарды тарту.
5.	Білім беру қызметі нарығының конъюнктурасының өзгеруі	Жұмыс берушілердің талаптарын ескере отырып, нарық конъюнктурасын тұрақты бақылау, бос жұмыс орындары жәрмеңкесін өткізу, докторанттарды кәсіби және академиялық еңбек нарығында сұранысқа ие тиісті құзыреттермен қамтамасыз ету үшін БББ жаңарту.

Оқу жылының соңында үдеріс жетекшілері сапа қызметіне тәуекелдерді басқару есебін ұсынады. Есептерді тапсырғаннан кейін сапа қызметі жылына бір рет тәуекелдерді басқару талдауын жүргізеді. Ағымдағы жылдың 1 қарашасына дейін бөлім басшылары тәуекелдерді басқару жоспарын әзірлеуде. Шілде айында өткен оқу жылы үшін әрбір үдеріс жетекшісі тәуекелдерді басқару жоспарына сәйкес есеп береді. Тәуекелдер картасы мен тәуекелдерді басқару жоспары «С.Сейфуллин атындағы ҚАТЗУ» КеАҚ» Басқармасында қаралады және бекітіледі. Тәуекел мониторингі – бұл тәуекел деңгейін бақылау. Бұған тәуекелдер, тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар, іс-шаралардың орындалу жай-күйі туралы ақпаратты тұрақты негізде (жылына бір рет) жаңарту, сондай-ақ тәуекелдердің әсер ету дәрежесі мен пайда болу ықтималдығын бақылау, тәуекелді анықтау және бағалау арқылы қол жеткізіледі.

6. Білім беру бағдарламасын дамыту бойынша іс-шаралар жоспары

№	Іс-шараның аты	Іс-жүзіне асырылу мерзімі	Жауаптылар	Күтілетін нәтижелер	Ресурстық қамытылуы
1	Әлеуметтік серіктестер мен жұмыс берушілерді білім беру бағдарламаларын әзірлеуге, сараптауға және іс-жүзіне асыруға тарту	2026 -2027 о.ж.	Кафедра	БББ	Қаржыландыруды қажет етеді
2	БББ мазмұнын әзірлеу және жетілдіру (элктивті пәндерді таңдау, қосымша оқу пәндері, практикалық компонентті жетілдіру)	тұрақты	Кафедра	Іс-жүзіне асырылатын жобалар	Қаржыландыруды қажет етеді
3	Докторанттарды ғылыми, оқу-әдістемелік әдебиеттермен және ақпарат көздерімен қамтамасыз етуді жақсарту	тұрақты	Кафедра	Іс-жүзіне асырылатын жобалар	Қаржыландыруды қажет етеді
4	Дәріс оқу үшін жетекші отандық және шетелдік ғалымдар мен жұмыс берушілерді тарту	тұрақты	Кафедра	Жүргізілген сабақтар	Қаржыландыруды қажет етеді
5	ПОҚ мен докторанттарды КОКСОН ұсынған және Scopus, Web of Science дерекқорларында индекстелген журналдарда жариялау	тұрақты	Кафедра	Басылымдар	Қаржыландыруды қажет етеді
6	Привлечение докторантов участию в научных проектах кафедр	тұрақты	Кафедра	Публикации	Қаржыландыруды қажет етеді
7	Реализация академической мобильности обучающихся и преподавателей	тұрақты	Кафедра	Шетелдік университетте білім алу және тағылымдамадан өту, сертификаттар	Қаржыландыруды қажет етеді
9	Разработка совместных международных образовательных программ«Менеджмент в АПК»	2026 -2027 о.ж.	Кафедра	БББ	Қаржыландыруды қажет етеді

БББ дамыту жоспарының нысаналы индикаторларының тізбесі

№	Нысаналы индикатордың аты	Өлшем бірлігі	Іс-жүзіне асырылу мерзімі					
			2024	2025	2026	2027	2028	2029
	Сандық көрсеткіштері							
1*	Білім алушылардың жалпы контингенті	адам	1	2	3	3	3	3
2	Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға қабылданған студенттер саны	адам	1	1	1	1	1	1
3*	Оқуды аяқтағаннан кейін 1 курста жұмысқа орналасқан түлектердің үлесі (түлектердің жалпы санынан)	%	90	95	95	100	100	100
1-бағыт Оқу қызметін модернизациялау/БББ мазмұнын модернизациялау								
4	Білім сапасын қамтамасыз ету жөніндегі халықаралық еуропалық желілердің толыққанды мүшелері болып табылатын және білім беру саласындағы уәкілетті органның тізіліміне енгізілген агенттіктерде мамандандырылған аккредиттеуден/постаккредитациядан өту	БББ саны	3	-	-	-	-	3
5	Бірлескен және қос дипломдық білім беру бағдарламаларын әзірлеу	БББ саны	1	1	1	1	1	1
6	НААР рейтингіндегі білім беру бағдарламасының позициялары	орын	2	2	2	1	1	1
7	Оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдардың саны	дана	2	2	3	3	3	4
8	Тәжірибе бойынша жұмыс берушілермен келісімдер саны	дана	10	10	12	15	18	20
2-бағыт Менеджментті жетілдіру								

9	Оқытылатын пәндер бейіні бойынша біліктілігін арттырудан өткен профессорлық-оқытушылар құрамының саны (72 сағат)	адам	5	5	5	5	5	5
10	Шетелдік жоғары оқу орындарында, ғылыми-зерттеу институттарында біліктілігін арттырудан өткен профессорлық-оқытушылар құрамының саны/оқытушылар құрамының үлесі	адам/ %	1/20	1/20	1/20	1/20	1/20	1/20
11	ПОҚ саны/тәжірибеден өткен оқытушылар құрамының үлесі	адам/ %	1/20	1/20	1/20	1/20	1/20	1/20
12	Шетелден тартылған оқытушылар саны	адам	1	1	1	1	2	2
13	ПОҚ саны/шетел тілін білуін растайтын халықаралық сертификаттары бар оқытушылардың үлесі	адам/ %	1/20	1/20	1/20	1/20	1/20	1/20
3-бағыт. Ғылыми-зерттеу қызметін жаңғырту								
14	ПОҚ жалпы санынан білім беру және ғылыми жобаларға қатысатын оқытушылардың үлесі	БББ саны	3	-	-	-	-	3
15	«500 ғалым» бағдарламасы аясында әлемнің жетекші ғылыми орталықтарында тағылымдамадан өткен ғалымдар саны	БББ саны	1	1	1	1	1	1
16	КОКСОНдағы жарияланымдар саны	орын	4	3	2	2	1	1
17	Ғылыми-зерттеу қызметіне қатысатын магистранттар мен докторанттардың үлесі	%	20	20	20	25	25	30

7. БББ дамыту жоспарын жүзеге асыру механизмі

БББ дамыту жоспарын іске асыру механизмі осы БББ дамыту жоспарын іске асыру бойынша негізгі міндеттер мен іс-шараларды ескере отырып айқындалады.

Білім беру бағдарламасын дамыту жоспарын жүзеге асыру кезінде төмендегідей жайлар тиімді ретте саналады:

- QS рейтингі бойынша ТОП-500-ге кіретін алыс және жақын шетел университеттерімен меморандум жасасу мүмкіндігі;

- Қазақстаннан ғана емес, сонымен қатар көршілес елдерден (Орталық Азия) студенттер контингентін қалыптастыру;

- БББ мазмұны аясында заманауи оқу, ғылыми-зерттеу және зертханалық база құру;

- шет мемлекеттердің жетекші кәсіпорындарының базасында кәсіби тәжірибені ұйымдастыру мүмкіндігі.

"Менеджмент және маркетинг"
кафедрасының меңгерушісі



Карабасов Р.А.